

БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті»
КеАҚ Басқарма төрағасы - Ректор

Н.О. Дулатбеков

«

2026 ж.



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті» КеАҚ

«Күміс университет» бағдарламасының

ЕРЕЖЕСІ

Мазмұны

| | |
|--|---|
| 1. Жалпы ережелер | 3 |
| 2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері | 4 |
| 3. Іске асырудың негізгі шарттары | 4 |
| 4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері | 6 |
| 5. Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету | 7 |
| 6. Тиімділігін мониторингілеу және бағалау | 7 |
| 7. Қорытынды ережелер | 7 |

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Күміс университет» (Үшінші жастағы университет) — бұл қарт адамдардың қазіргі өмір жағдайларына ойдағыдай бейімделуіне, өз бетімен білім алуына және өздігінен жетілуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған халықаралық қозғалыс.

1.2. Осы Ереже Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қосымша білім беру факультеті базасында үшінші жастағы адамдарға арналған курстар мен семинар-тренингтерді ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – Университет).

1.3. «Күміс университет» бағдарламасы туралы Ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (03.05.2022 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен);

- 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 «Саналы білім. Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

- 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру) тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

- Жоғары оқу орнының үлгілік қағидалары және Университеттің интеграцияланған менеджмент жүйесінің ішкі нормативтік-регламенттік құжаттары;

- Университет Жарғысы;

- Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 2024–2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы.

1.4. Бағдарлама Кеңесінің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ашықтық және ұжымдық талқылау қағидаттарына негізделеді.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. «Күміс университет» бағдарламасының мақсаты 60-тағы және ашыс жаста асқан азаматтардың өмір сүру сапасын, әлеуметтік белсенділігін арттыруға, қазіргі әлеуметтік экономикалық жағдайларға бейімделуіне, сондай-ақ зияткерлік, тұлғалық және мәдени әлеуетін дамытуға бағытталған бейресми білім беруді ұйымдастыру болып табылады.

2.2. «Күміс университет» бағдарламасының негізгі міндеттері:

1. тыңдаушылардың тұлғалық әлеуетін және олардың қоғам өміріне белсенді қатысуын дамыту;

2. өмір сапасы мен әлеуметтік белсенділік деңгейін арттыру;

3. әлеуметтік интеграцияға, өзінің қабілетін іске асыра білуіне және белсенді ұзақ өмір сүруіне ықпал ету;

4. салауатты өмір салтын насихаттау және физикалық белсенділік деңгейін арттыру

5. зияткерлік әлеуетті дамыту және азаматтардың денсаулығын нығайту;

6. Университеттің жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен серіктестік өзара әрекеттестікті дамыту болып табылады.

3. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ

3.1. Бағдарламаны іске асыру андрагогика қағидағтарына негізделеді және тыңдаушылардың қатысуының еріктілігін, оқыту барысында алынған білім мен дағдыларды іс жүзінде қолдануға бағытталуын, тыңдаушылардың өмірлік, әлеуметтік және кәсіби тәжірибесін есепке алуды, оқыту нысандарының, әдістері мен мерзімдерінің икемділігін, сондай-ақ білім беру ортасының қолжетімділігі мен инклюзивтілігін қамтиды.

3.2. «Күміс университет» бағдарламасына үшінші жастағы және (немесе) 60 жаста асқан зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар қабылданады.

Қабылдау негізі таңдалған курстардың атауы көрсетілген жеке жазбаша отініш болып табылады.

3.3. Білім беру бағдарламаларының мазмұны тыңдаушылардың жасына, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасады және өз бетімен білім алу қабілетін, әлеуметтік белсенділігін және қоғамдағы өзгерістерге тиімді бейімделуін дамытуға бағытталған.

3.4. Қазақстан Республикасының кез келген азаматы «Күміс университеттің» тыңдаушысы бола алады. Қабылдау Университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

3.5. «Күміс университет» тыңдаушыларының сабақтарға қатысуы қатысу журналына тіркеледі.

3.6. Тыңдаушы өз қалауы бойынша немесе денсаулығына байланысты оқуды тоқтатуға құқылы.

3.7. «Күміс университетінде» оқыту ақысыз негізде жүргізіледі.

3.8. Бағдарламаны іске асыруға Университеттің оқытушылары, сондай-ақ келісім бойынша серіктес ұйымдар мен басқа да мекемелердің өкілдері қатыстырылады.

3.9. Қосымша білім беру факультетінің деканы «Күміс университеттің» қызметіне қатысты есебін және есенгілік құжаттарын жүргізеді.

3.10. Сабақтар қосымша білім беру факультетінің деканы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі.

3.11. Сабақ кестесін қосымша білім беру факультетінің әдіскері дайындайды.

3.12. Оқу тобының толымдылығы 5-тен 10 адамға дейін болады.

3.13. Сабақтарды өткізу нысандарына практикалық сабақтар, экскурсиялар, тренингтер, практикумдар, сондай-ақ қанықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы жүзеге асырылатын байланыссыз сағаттар жатады.

3.14. «Күміс университетте» оқу жылы 1 қыркүйектен 1 шілдеге дейін созылады.

3.15. Курстарды сәтті аяқтаған тыңдаушыға сәйкес тиісті бағыт бойынша оқуды аяқтағанын растайтын сертификат беріледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. «Күміс университеттің» тыңдаушылары:

- оқытудың мазмұны, нысандары мен мерзімдері туралы ақпарат алуға;
- білім беру бағдарламаларына өз еркімен қатысуға;
- ұйымдастырушылар мен оқытушылар тарапынан құрметпен және дұрыс қарым-қатынасқа;
- қауіпсіз және қолжетімді оқу жағдайына құқылы.

4.2. «Күміс университеттің» тыңдаушылары:

- осы Ережені және Университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;
- оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа тыңдаушыларға құрметпен қарауға;
- Университет мүлкіне қамқорлықпен қарауға міндетті.

4.3. Бағдарлама ұйымдастырушылары:

- білім беру бағдарламаларының мазмұнын және тізімін қалыптастыруға;
- оқытудың нысандары, әдістері мен технологияларын анықтауға;
- Бағдарламаны іске асыруға серіктестер мен басқа да мамандарды қатыстыруға құқылы.

4.4. Бағдарлама ұйымдастырушылары:

- Бағдарламаны тиісті ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз етуге;
- қауіпсіз және қолжетімді оқу жағдайын жасауға;
- Бағдарламаны іске асыру есебі мен есептілігін жүргізуге міндетті.

4.5. Тыңдаушының оқуын тоқтатуға мыналар негіз болып табылады:

- тыңдаушының жеке жазбаша өтініші;
- оқуды жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайы;

- осы Ережені және Университеттің ішкі тәртіп ережелерін жүйелі түрде бұзу.

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

5.1. «Күміс университет» бағдарламасы бойынша оқыту ақысыз негізде жүргізіледі.

5.2. Бағдарламаны қаржыландыру Университеттің қаражаты, бюджет қаражаты, серіктес ұйымдардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

6. ТИІМДІЛІКТІ МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

6.1. Бағдарламаны іске асыру мониторингін Университеттің қосымша білім беру факультеті жүзеге асырады.

6.2. Бағдарламаны іске асыру тиімділігінің көрсеткіштері:

- іске асырылған білім беру бағдарламаларының саны;
- тыңдаушылар саны;
- тыңдаушылардың қанағаттану деңгейі;
- серіктестік байланыстар мен өзара әрекеттесу формаларын

кеңейту болып табылады.

6.3. Мониторинг нәтижелері Бағдарламаның мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіру үшін пайдаланылады.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1. Осы ереже оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

7.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.